



Амангелді аудандық орталық кітапханасының
библиография бөлімі



Әсия Әйіпқызы Беркенова

«Әсияның әсем әлемі»

70 жылдық мерейтойына орай

/ жаднама /

Амангелді, 2020 ж.

Қазақ айтысының ақиығы

Қазақстанның халық ақыны 1950 жылы 22 сәуірде Қостанай облысы, Өуликөл ауданы, Сұлукөл аулында дүниеге келген. Жоғарғы білімді педагог,

Бүгіндері Әсия Әйіпқызы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіндегі «Өнер» студиясына жетекшілік етеді. Жастарды ұлттық өнерді сүйіп, меңгеруге баулумен айналысуда. Сондай-ақ, Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектепте «Жас ақын» сыныбын ашып, жас талаптарды сөз өнеріне тәрбиелеп келеді.

Халқымыздың ұмытылуға жақын қалған хас өнері – айтысты өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап қайта тірілтіп қана қоймай, биікке көтерген талантты шоғырдың арасынан Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова ойып орын алады. Алмастың жүзіндей өткір сөзіне мақамы мен домбырашылығы сай болып, қарсыласының алдын кесіп, көрерменді аузына қаратып отыратын Әсия айтыстың ақ берені атанды. Сахнаға ол шыққанда нысанаға дөп тиіп жататын ойлы сөзге де, әдемі әуенге де орта толатын.

Ә. Беркенова Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіндегі өнер студиясын басқарады, талабы бар жастарды өнерге баулиды.

Қазақ біреудің төбесі жұрттан биіктесе оның тегін сұрап жатады. “Тақыр жерге шөп шықпайды” деп осы түсінікті тағы шегелеп қояды қазекем. Ақынның әкесі Әйіп ақынжанды болған кісі екен. Замандастары оның хатты ылғи өлеңмен жазған. Ал оның әкесі Хакімжан ел ішінде “өлеңші Хакімжан” атанған, домбырамен ән айтатын, әрі ешкімге сөзін жібермейтін, ділмар кісі болған. Әсия Беркенова әке жұртымда емес, нағашыларының ықпалында өскен. Нағашы атасы Жұмағали да, оның қарындасы Алтынбас апасы да керемет домбырашы болған. Ақынның туған жерім Өуликөл десе – Өуликөл. Қазақ даласының осы тұсына да аруақ қонып, нар шөккен. Өуликөлдің атын бұрынғы шежіре шалдар еліне имандылық шапағатын шашқан Әсебек әулиемен байланыстырады. Қояндыағаш ауылында Кеңес Одағының Батыры Сұлтан Баймағамбетов туған.

Өуликөлге Ахмет Байтұрсыновтың да табаны тиген. Ол кісі шамамен 1893 жылы осындағы мектепте оқытушы болған. Негізі Аханның анасы Күнше шешей осы елдің қызы болған. Ал ағайынды Ақтас, Байтұрсынның етене қарындасы Ақкенжеден Ә. Беркенованың нағашы атасы туады. Әжесі анасына дейін алты құрсақ көтерген, сол алтауы да шетінепті. Жетінші балаға аяғы ауыр кезінде атасының түсіне нағашылары кірген, “Перзентіңнің атын Ақтас қойшы, тұрақтар” деп аян беріпті. Өмірге келген қызға Ақтас деп ер баланың атын қойыпты. Бірақ әжесі одан кейін туған жеті сәбиін де жасқа толмай жер қойнына беріп отырыпты. Сол Ақтастан туған ақын Әсия да анадан жалғыз. Ә. Беркенова елу жылдан бері өнерде жүр. Ақын есін білгелі ауыл клубының сахнасында өлең айтып жүрген. Үгіт бригадасы шопандарын, егіс даласын аралап жүріп өлең айтқан.

Мектеп қабырғасында да көркемөнерпаздар үйірмелерінің белсенді мүшесі болған. Бейімбет Майлиннің “Шұғаның белгісі” шығармасы бойынша спектакль қойып, сонда Шұғаны ойнаған.

Қыздар педагогика институтының орыс тілі мен әдебиеті факультетіне түскен де, ұстаздарының көпшілігі наразы болған. 53 түлектің арасында мектепті үздік бітірген. 1972 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетін (бұрынғы Қазақ қыздар педагогикалық институты) бітірген. Жоғарғы білімді педагог.

1972 - 1997 жылдары Наурызым, Әулікөл аудандарында мектепте мұғалім болып жұмыс істеген.

Қостанай қаласындағы Мемлекеттік тілді жеделдете үйрету орталығында қызмет істеген.

Қазіргі таңда А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіндегі «Өнер» студиясына жетекшілік етеді.

1980 жылдардан бастап айтыс өнерінде.

Әсия Әйіпқызы айтысқа өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан қатысып келеді.

1982-1983 жылдарда Қостанай облыстық ақындар айтысында

Алматыда 1984 жылы өткен Кенен Әзірбаевтың 100 жылдығына арналған республикалық айтыста бірінші орынды жеңіп алған ол, бұдан кейінгі жылдарда талай мәрте республикалық айтыстардың жеңімпазы болды. Әсіресе, Абылай ханның 280 жылдығы, әнші Мұхиттың 150 жылдығы, Қажымұқан палуанның 120 жылдығы, Шақшақұлы Жәнібек батырдың 300 жылдығы тойларында оның айтыстағы дара таланты жарқырай көрінді, «Жарасым» атты қыз-жігіттер айтысында Сара атындағы жүлденің иегері атанды.

Монғолия, Қытай, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Ресей және Қазақстан ақындарының арасында өткен халықаралық айтыстың жүлдегері Әсия – Қостанай өңірінде Омар Шипиннен кейін Халық ақыны атағын алған дүлдүл ақын. Қазіргі уақытта Әсия Беркенованың есімі бүкіл жыр сүйер қауымға ғана танылып қоймай, елімізден тыс жерде тұратын қазақтарға да белгілі болып отыр.

Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі


1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен Қазақстанның халық ақыны құрметті атағымен марапатталған

Қазақстан Республикасының Мәдениет саласының үздігі (құрметті атағы)

Қазақстан Білім Беру ісінің Құрметті қызметкері атағының иегері

2016 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 25 жыл медалі

2016 жылы Қостанай қаласының құрметті азаматы құрметті атағымен марапатталған.



ЖЫР- ҚАНАТЫҢ ТАЛМАСЫН!

- қалжын әңгімелері*
- Өлеңдер*
- лебіздер*
- Арнаулар*

Қарындастың қалжыңы

Ұлы Жамбылдың 150 жылдығына арналған айтысқа Ресейден омбылық Аманкелді деген ақын келіпті. Өзі ақкөңіл, даусы гүрілдеген кісі екен. «Қазақстан» қонақүйіндегі лифтен шыға бергенде, Әсияға сол кісі қарсы жолығып қалады да:

— Ой, айналайын қарындасым-ай, — деп бетінен сүйеді. Несібелі туған ағасының аузына бір беті тұтас сыйып кеткендей болған Әсия:

— Аға-ай, бұлай сүйгенше бетіме банкі сала салмадыңыз ба? — депті.

«Адам өлтірген» (Өзіл)

Павлодар облысында төкпе ақын Иса Байзақовтың 90 жылдығына арналған айтыстан соң қонақасы беріледі. Сонда ұлтаралық қатынастар бөлімінде істейтін бір орыс азаматы Әсияның орыс тілі маманы екенін естіген болуы керек «ақаңа» тойып алып: — Асия, ты молодец... Еще ваш Абай говорил, чтобы казахи изучали русский язык, уважали русских, — дейді.

Сонда Әсия: — Каких русских знал наш Абай?! Он знал Пушкина, Достоевского. Имел ввиду их язык. Если бы он видел тебя, Ивана, он бы нам другое завещание оставил, — депті.

Иван: — Ты меня «убила», — деп зытып беріпті.

Құлақ пен манти

Егемендіктің бір жылдығына арналған республикалық ақындар айтысында Әсия бірінші айналымда тараздық Шорабек Айдаровпен шығады. Бір кезектен кейін Шора Әсияның айтқандарын «естімеймін» деп сахнада безек қағады.

Сонда Әсия: — Десең де маған «жүзің салқын еді»,

Тыңдауда алты Алаштың халқы мені.

«Естімеймін» дейсің сен, жағыңдағы

Жабысқан құлақ емес, манти ма еді? — депті.

Айтыс бітіп, қорытындысы жарияланғанда төраға болған Фариза Оңғарсынова апамыз: «Шорабектің құлағының мүкісі бар екен. Әсияға обал болды, бірақ көтермелеу сыйлығына 400 рубль береміз», — дейді. Сонда Әсия сыйақыны алып тұрып:

Ашылмай айтысқанмен жыр бұлағы,

Шабытым шынар құздан бір құлады.

Шорабек тұтасымен қымбат шығар,

400 сом тұрады екен бір құлағы,

— деген екен.

Дүлдүл мен Тұлпар


(ақын туралы қысқаша әңгімелер)

Әсия айтыстарға барғанда қашан да талдықорғандық ақын Қанишамен бір бөлмеде жататын көрінеді. Әсияның көзін байлап ұйықтайтын, Қанишаның қорылдайтын әдеттері бар екен.

Әсия: «Әй, Ханиша, қорылдамасаңшы!» – деп түнімен бірнеше рет оятыпты. Таңертең Әсия оянып, көзін ашса, Қаниша оның бетіне үңіліп отыр екен. – Неге маған сонша үңіліп отырсың? – депті Әсия. Сонда Қаниша нығыздай сөйлеп:

– Түнде сіздің көзіңізді байлағаниша, аузыңызды байлап тастау керек екен! – депті.


Бірде ақын Ақылбек Шаяхметтің үйінде қонақта бір топ ардагерлермен Әсия да болыпты. Бір-екі тостан кейін ардагерлердің біреуі: «Ал, енді мен бір өлең айтып берейін», – депті де – «Пой, солдат, пой» деп әндете жөнеліпті. Тағы біраздан соң ақсақал осы әнді екінші рет айтыпты. Енді үшінші рет айтпақшы болып бастай бергенде, Әсия: «Ағай, «Қой, солдат, қой» деген ән білмейсіз бе?» – деп жиналған жұртты ду күлдіріпті







Жерлес айтыскерлеріміз



***Ы. Алтынсарин ат. дарынды балаларға арналған
«Жас ақын» сыныбы***



Ә. Беркенова айтыс сахнасында

Ізгі лебіздер

Қазақта түрлі мақалдар барғой. Соның дұрысы да,, бұрысы да бар өз басым әйелге қатысты айтылған «Шашы – ұзын, ақылы – қысқа» деген мақалды қолдамаймын Әсияның ақылы да ұзын, ойы да терең, үлкен зерделі адам. Оның көптеген өлеңдерінің түйіндеріне таңқалам. Қазіргі заманның кейбір ел басқарған адамдарының теріс мінездерін дөп басады, әділ бағасын береді. Ұтымды әжуа–мысқылды дәл пайдаланады, қарсыласын тектен–текке бетке алмайтын мәдениетті ақын.

Әсияның суырып салмалығына да таңым бар. Күтпеген жағдайда ұтымды жасау тауып кетеді... ақын Сара апамыздың нағыз жұрнағы.

Әсия қазір де өсу үстінде. Қатардағы мұғалмнен Халық ақынына дейін өсті. Бұл екінің бірінің емес мыңың бірінің қолынан келе бермейді. Әсияның өлеңдері өз басын емес, ел, жер тағдырмен құйттейді. Қай өлеңі де халық тағдырымен ұштасып жатады.

Әсия Кәмшат сияқты асыл қарындастарымызды ардайым бағалай білуіміз керек. Өз басым оған бар ізгілікті тілеймін.

**Кенжебек Укин, облыстық мемлекеттік
қызмет басқармасының бастығы**

Әсияның арғы атасы Сүгірұлы Мешітбай Шақшақ Жәңібектің батагөйі, ақылшысы, биі болған. өз атаасы Бірке қажы да елге сыйлы, танымал адамдардың бірі еді. Сол кісілердің ұрпағы жаман болсын ба?.

«Сүгірдің жігіті – Саумал, қызы – қымыз» деген сөз бар ол ел арасында. Сондықтан да бұл кісінің бойындағы қайсарлы ақылдылығы ерлігі, шынышылдығы ата қаны, ана сүтімен дарыған, өскен ортасы, өнген топырағы – қасиетті.

**Ертай қажы,
Қостанай Ақ мешітінің имамы**

Әсем жырлы әспеттеген
(Әсия Беркеноваға арналған жыр жолдары)

«...Ақынның да ақыны бар. Әсіресе тойы да, көбейіп, ақындар айтысының өрісі кеңейіп отырған тұста екі ауыз сөздің басын құрайтың өлеңші мен нағыз ақынның айырмашылығын айыра біліп, қас талантты жете тануымыз қажет.

Қотанайлық халық ақыны Әсия Беркенова болса, сол атаққа әбден лайықты ақын, шынында да халық ортасынан шыққан тумв талан»

А. Шаяхмет, ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі

Ақын шығармалары:

Халық ақыны Әсия Беркеноваға

Өзіңе деген алғаусыз, адал көңілдең,
Мінезіңе сай сеземмен, нық сеніммен,
«Ауырмасаңшы» дегем келіп, жасытпай
Ірілеу сөйлеп «Неге аурасың?» – дедім мен.

Ауырмайтұғын адам бар ма екен ғұмырда?!
Қарындаымсың айырбастамас мың ұлға!
Ұттырғанынды тағдырға кейде қалмай,
Тік тұрғанынды қалғаным ғой тұғырдан!

«Неге аурасың?!» басқаша, қалқам, ұқ мұны,
«Неге аурасы?!» – жанымның терең түпкірі.
Айтқызған оны ағаңның ақын жүрегі,
Сыйлайбын әр кез жорға мен жүйрік, мықтыны!

С. Оспанов

Қазақтың ақын қызы Әсия Беркеноваға

Қарындас, құтты болсын туған күнің,
Жайқалып өсіп шыққан дара гүлсің.
Құдайым тіл мен жақты бірдей беріп,
Өнерді абыроймен алып жүрсің.
Қазақта қыздың жасын сұрамайды,
Әсия тал шыбықтай бұраңдайды.
Айтыстың атанды ол ақтаңгері,
Сондықтан қошеметтеп ел қолдайды.
Жан жарың Табылды ғой құдай қосқан,
Жүреді ол тау қозғалса қозғалмастан.
Білсеңдер ата-тегі кіші жүзден,
Қолына тғысымен найза ұстаған.

Бұл күнде ұл ұяда, қыз қияда,
Әсия жетті-ау деймін арманына.
Айтыста арқаланып кетеді ол
Ақындар, шықпандаршы жел жағына.
Әсия алда әлі асулар бар.
Кезің келді сол асуды бағындырар.
Жастарға өнерінді үйрете бер,
Әлі де талай жерде бағың жанар.
Тілеген тілегінді ағаң едім,
Үлкенді сыйлап өттің көрді көзім.
Шаршамай шалдықпай-ақ жүзге келші,
Осылай-ақ батамды мен де бердім.

Е. Нұрахметұлы



ҚОС АҚЖУЫ

Әсия

Қазақстанның халық ақыны,
ҚР білім беру ісінің құрметті
қызметкері, "Мәдениет
саласының үздігі", Қазақстан
оқу-ағарту ісінің үздігі,
еліміздің ақмандай аруы
Әсия Беркенова туралы
шәкірт лебізі

Арынды ақынның айтулы кеші



Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның 500 орындық мәжіліс залында жерлесіміз, Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенованың 65 жасқа толуына орай кездесу кеші өтті. Кешті белгілі айтыскер ақын, АрқМПИ деканы Айбөк Қалиев жүргізді.

Сыр-сұхбат түрінде өткен тағылымды кеште Әсия Әйіпқызы ашық жарқын әңгіме өрбітіп, әлдекімдер құсап өзінің келген жасын жасырмайтындығын алға тартты. Көпшіліктің қойған сұрақтарына жауап беріп, жүректі жарып шыққан жыр жолдарына да кезек берді.

Ақын болу оңай емес. Әсіресе, нәзік жандылар үшін бұл жолды алып жүру қиынның қиыны. Әсия ақын бұл ретте де: "Берінің бабын тауып жүргенменен, жылайтын жазылмаған жырым ғана", "Ортақ тіл табу үшін өзгелермен, өз тіліңді

тістеуің керек екен", – деп сөзім қылын дәп басып.

Әсия Беркенова жиырмадан астам республикалық деңгейдегі айтысқа қатысып, соның бәрінде дерлік топ жарған ақын. Бір қызығы, дәл осындай атақ алған әріптесі Әселхан Қалыбековамен бір жылы, бір айда, бір күнде (22.04.1950ж.) дүниеге келген екен. Бұл күнде елімізде осы жоғары атақты алып жүрген үш ақын болса, соның екеуі (Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбіл) Қостанай облысының тумасы екендігі де көңілге мақтаныш ұялатқандай.

Кездесу кешінде халық ақынының ұстазы Сағындық Досмағанбетов шәкіртінің ақындығымен қоса: әншілік, күйшілік, әртістік, ұстаздық сынды сан өнерді бойына топтастырған ерекше қасиеттеріне тоқтала келе, сөз соңында: "Өзіңнің ұстазыңның мақтанышы" атты арнау өлеңін де нақышына келтіре оқып берді. Сондай-ақ, облыстық мәдениет басқармасының бас маманы Роза Төлешқызы, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Көки Ақан, "Құрметті қажы" Мираш Төшетовтер жылы лебіздерін білдірді. Қала әкімі Ғазиз Бекмұхамедов халықтың алаңына салған аяулы ақын қызына ат мінгізді. Мұндай сый-құрмет көрсетуден көршілес аудандар да қалыспай, Аманкелді, Жанкелдин аудандарының әкімдерінің орынбасарлары Сабыржан Уәлиев пен Түбекбай Әубәкіровтер кеш иесіне елдің ыстық ықыласын жеткізді.

Арынды ақынның айтулы кешінде қаланың мақтанышына айналған "Ақбота", "Інжумаржан" топтары және жеке-леген әншілер ән-биімен шашу шашты.

Арқалық қаласы.



Әсия БЕРКЕНОВА

Жыр мен жаным үстінде бір кеменің

Шабыт дәйім жаныма шоқ тасуда
Мейлі алдымнан не тұрсын; от па, су ма,
Жырмен әрлеп жүремін дәнекерлеп,
Ойларымды қалдырмай тот басуға

Тұяғынан от шашып жорға жырым,
Той ішінде талайдан озған үнім.
Топтасқаннан іргемді ірелеймін
Жырда да бар өз жолым, өз даңғылым

Тұрсадағы тіршілік мың құбылып,
Жүзінбеймін шендіге құлдық ұрып
Қолым күйіп шындықтың шырағына
Жүрем дәйім бір тұрып, бір жығылып.

Төрімде той болмайды күнде менің,
Білгенімнен көп әлі білмегенім.
Ақындық пен аңқаулық егіз, сірә,
Жан берер деп қаламын гүлге демім.

Жабырқасам, жай сұрап күндемегін,
Жанарлардан жайдары күн көремін.
Үсік шалмай үлбіреп тұрсын өлең,
Жыр мен жаным үстінде бір кеменің.

Ән-жырмен көсегесі көгерген ел

Тарихы тарлаң, бірақ көнермеген,
Ән – жырмен көсегесі көгерген ел.
Қуаныш, қайғы – мұның күймен шертін,
Қашаған сөзден мүсін өлеңменен.

Жан болса хас өнердің наркын ұғар,
Жақсы әннің әр сөзінде нар құны бар.
Қазақтың әуелеген әндерінде
Тарихы, талғамы мен тағдыры бар.


Әлдилі ән тыңдаумен ержететін,
Ұланы ұран әнмен өрге өтетін,
Ай тыңдап, аспандағы жалғыз ару,
Әндер бар ақ сезімді тербететін.

Деуменен сөзі сұлу, жұмыр қалай,
Ерекше төгетіндей нұрын да арай.
Әндерін қазағымның қалықтағын,
Мүмкін бе тыңдау жүрек шымырламай!

Әрлетіп, әнмен қашап тылсым қылық,
Тамсантаып, тәнті қылып, күрсіндіріп...
Адасқан ана тілден шала қазақ,
Әнменен жүрсе, шіркін, тіл сындырып.



Айтыскер ақын Айтақын Бұлғақов пен Әсия Беркенова



*Әсия Беркеноваға
«Қазақ ССР-нің халық
ақыны» құрметті
атаған беру қаулысы*

Биліктегі інілеріме

Қостанай облысының әкімі
Нұралы Мұстафаұлы
мен қала әкімі
Ғауез Торсанұлына

Аулақ сал, биліктегі інілерім,
Ардым мен өздеріңе жыр ілегім,
Ос ұлан ұлығы боп туған жердің,
Өндерге артты үмітім бүгін елің.

Дерсіндер "айтылатын жоқ па сын да?"
Сел – халық сендерге көп тоқтасын ба,
Еліме бақ болсын, – деп, – екі азамат,
Өңгіме-дүкен құрар от басында.

Қостанай – жәннат мекен жер бетінде,
Ержетіп, ұландары төрге өтуде.
Өздерің қос тізгінді ұстаған соң,
Көркейді туған елдің келбеті де.

Билікте тек әділдік дара таған,
Шат өмір жүректерден таратады ән.
Қарсы алып жүріңдерші әрбір таңды
Халықтың қамын ойлап қара табан.

Билік – ол сандық сәнмен жабдықталған
Тура сөз елітуден сан құтқарған.
Тағыңа иілетін, басыңа емес
Төңірім аулақ қылсын "жандықтардан".

Жұртыңның ірітуге ымырасын,
Ұсынса суайт өсек құмырасын,
Адамдық биігінен түспессіндер
Атасы шың тұлғаның ұлы да шың.

Жайнасын деп туған жер, мекен бүгін,
Сенімнің көтердіңдер бекем жүгін.
Сақтаңдар есте дәйім, ел үшін тек
Ақылды басшы бақыт екендігін.

Әндер бар ақ сезімді тербететін

Тарихы тарлан, бірақ көнермеген,
Ән-жырмен кесегесі көгерген ел.
Қуаныш, қайғы – мұңын күймен шертіп,
Қашаған сөзден мүсін өлеңменен.

Жан болса хас өнердің нарқын ұғар.
Жақсы әннің әр сөзінде нар құны бар.
Қазақтың әуелеген әндерінде
Тарихы, талғамы мен тағдыры бар.

Әлдилі ән тыңдаумен ержететін
Ұланы ұран әнмен өрге өтетін,
Ай тыңдап, аспандағы жалғыз ару,
Әндер бар ақ сезімді тербететін.

Деуменен сөзі сұлу, жұмыр қалай,
Ерекше төгетіндей нұрын да арай.
Әндерін қазағымның қалықтаған
Мүмкін бе тыңдау жүрек шымырламай!

Өрлетіп, әнмен қашап тылсым қылық,
Тамсанып, тәнті қылып, күрсіндіріп...
Адасқан ана тілден шала қазақ,
Әнменен жүрсе, шіркін, тіл сындырып.



Әулиекөл вальсі

Әні: Қалибек Деріпсалдиндікі.
Сөзі: Әсия Беркенованікі.

Қазақтың кең жазира даласында,
Тамаша көргенде таң қаласың ба.
Алашқа аты мәлім Әулиекөл,
Бірлікпен үлгі болған жарасымға.

Қайырмасы:

Әулиекөл – 2 рет,
Ұрпаққа ұлағатты,
Тәрбие бер.
Даласы нұр алыпты –

Әулиекөл – әулие жер.

Киелі Әулие жер ғажап аты,
Ауасы бойда дертті жаза алатын.
Еліне ерлері сай туған мекен,
Еңбекпен аты шыққан азаматы.

Қайырмасы:

Жүректе алаулаған жалын-үміт,
Ұрпағың қасиетті таныды ұғып.
Жаңартқан жаңа ғасыр, Әулиекөл
Мәңгілік арта берсін таңың күліп.

Қайырмасы:

Ақын Әсия Беркенованың сөзіне жазылған «Әулиекөл вальс» әні мәтіні

Ауылым

Ән шықпашып, қағатын күй қанатын,
Жиеніне нағашы қиған атың.
Жағасың Ноғайқолдың мекендеген,
Ауылым жүзге тарта үй болатын.

Жүп жазбаған кей көріп сіздейін,
Қатар қонар дегендей "лөк үзбейін".
Қос айдыңы шапқыған кішкене көл,
Өзімізге бағасы теңдейін.

Ұрпаққа үлгі ауылдың ел бірлігі,
Әр азамат мойнында ердің жүгі.
Таңы күліп ататын шапағатты,
Біздің ауыл сияқты ел жер кіндігі.

Аталарым нар тұлға алтын адам,
Олар барда көңіл жоқ шапқымаған.
Елудегі ерлерің ақсақалдың,
Аттамайтын алдынан жарты қалам.

Қамыстан, кейде шымынан қалаған үй,
Ырыс-құт әр ошаққа тараған үй.
Мәз болар бата берсе дуалы ауыз,
Молдағазы атам мен қара Қали.

Армандар артында адам із қалуды,
Қолы апшық, білмейтін қызғануды.
Ожадалап бала біткен атқан құсын,
Жүретін тосып атай Ізғалиды.

Қыс келіп, соғым кезі келсе майлы,
Келіндер кою күйіп берсе пайлы.
Тамсанып тыңдаушы еді қариялар,
Етікші өлеңші атай Еңсебайды.

Отырып естелікке қармақ салдым:
Қалықтап кетер сазы салмақты өңің.
Ұйыған тыныштықты бұзушы еді,
Жөтелі мазасы жоқ "қаңбақ шаңдың".

Базына бөріне де жарасымды,
Арбасы, шана, тіпті саға сыңды.
Сақина, білезіктер соқтыруға,
Келетін іздеп менің нағашымды.

Ұрпақта сол кездегі ақыл басым,
Келіспей, кейде көніп, мақұлдасып.
Сыпырып Мұқат атай ұстарасы,
Жүретін ұлдар сипап тақыр басын.

Ауылдың тентегі бар, ұяңы бар,
Кей үйдің қалған жалғыз "тұяғы" бар.
Серікбай, Сейтжан, Бөйден,
Қабжан, Ақан,
Қабдолла, Момынша көкем зиялылар.

Құрмеуге келтіретін қысқа жіпті,
Үлкеннен жастар үлгі ұстаныпты.
Мыраболоғат көксем менің атам,
Қасына алып үйреткен ұсталықты.

Бөленгендей ерекше жолы нұрға,
Кейсіпк жоқ, паршау жоқ
поярмында.

Бойеш апай бастаған қасатшылар,
Қас-қағымда соғып соғымды да.

Ойымды ой жалғайды түйдек менің,
Көкейге түйдім атам үйреткенін.

Шұжық жасап әжелер еркелетіп:
Жүретін үлестіріп "бүйректерін".

Мал өргізген жағаға, қыр, қияға,
Ауыл десем жүректен жар күзеті, ә?
Баяу өжем ұшықтап, тіс ауырса,
Шақдартатын кеп өжем Нұркияға.

Өрге ұмтылып күн кенгіткі талашпенен,
Тағылымның кірпішін қалап келем.
Сабантойға жиналып барушы едік,
Жалғыз шоғыр ауылда Абакпенен.

Тірлігін қарапша ауыл қызықтадым,
Бірліктің таттым мен де үзіп дәмін.
Сәбин көрсетпесе "көзі өткір" деп,
Мұхтармен қорқытатын бұзықтарын.

Естелік ауылым жайлы таусылмайды,
Оралмай, ел басынан аусын қайты.
Ауыл боп қарсы алып ек
"ит жеккеннен".
Оралған Береке мен Маусымбайды.

Ойласам, әлі көңіл босайды да,
Жанары ұқсайтұғын қос айдыңға.
Майданнан шлем, шекпен киіп келген,
Жеңделер қарсы алыпты Шоппайды да.

Есіме түскен ойлар жарысалы,
Жесірдің біраз еді тағы саны.
Бақтылы, Балсары мен Балғазы, Мақаш,
Бал апай Алтынменен намыс өні.

Жасымас кім басынан бағы тайса?!
"Қос кемпірлер" сзылған жылы майша:
Шәрипа-Құлгаси мен Баяу-Алтын,
Меруерт-Майғара мен "қара кемпір".
Айғанша.

Оларды тағдыр қанша төпеледі!
Оралмай сұм соғыстан "көкелері".
Жанарын жаутаңдатпай жат қолына,
Көбіне қамқор болған төтем еді.

Мейірім сол кездегі таныс қылық,
Қол берер қысылғанға жыны ышқынып.
Құмырсқа өмір кешкен ауылменен,
Жүремін бүтінгін салыстырып.

Түседі ауыл еске күн-түн әлі,
Бір сәтін ұмытпауға ұмтыламын.
Бойымда бір жақсылық болса менің,
Үйреткен ауылымның ыңымағы.

Ауылым жайлы алдым сыр ағытып,
Сағынып бар сезімді тұрады ұтып.
Бүгінде аталардың нәубересін,
Дәл жаға танымаймын шырамытып.

Зерделі ме екен бұлар тағыламып,
Бақытты болсын, бәтпай жаны мұңға.
Аталар бойындағы қасиеттің,
Бар ма екен бір тамшысы тамырыңды?

Заманның қаңыратқан қалып тезі,
Ауылым жоқ, көл жалғыз қалыпты өзі.
Нарық жүтқан кішкене ауылыммен,
Жоғалғандай мен үшін тарих көзі.

Ауылым әні



*Ә. Бееркенова . А. Байтұрсынов ат. ҚМУ
ішінен ашылған «Өнер» студиясы*



Мерекелік концерт 06.03.2014ж.

Жыр жолдары

Бір ғажайып көрдім бүгін түсімде

Ыңғайына келмей тіпті ісім де,
Жүргендей ем ну орманның ішінде.
Ойыма да оралмайтын өнімде
Бір ғажайып көрдім бүгін түсімде.

Кезі бар ма сүрең күннің тез өткен?!
Таңырқауды тұра алмадым төжеп мен.
Бір төбеде ақсақалды қария,
Бақыт беріп жатыр екен көзекпен.

Біреу алға шықты міне, ту ұстап,
Қажет екен оған бауыр, туыс, бақ.
Алақанын тосып еді, қария
Бақыт берді оған біраз уыстап.

Санамен тек саф алтындай салмақтай,
Барды пенде білгені жөн ардақтай.
Таудай көріп шаттанады біреуі,
Оған қария бақ беріп ед бармақтай.

Қалай тұрам көргенімді ақтармай,
Қыл мойынға таудай тумар таққандай.
Басы айналып, құлап түсті бір пенде,
Берген бақты көтере алмай батпандай.

Азды қадір тұтар құнын білсе кім,
Артып біреу тиген баққа гүл сенім.
Көудесіне қысып ала жөнелді
Дархан қарттың берген бағын
бір шөкім.

Көкірегі тұрғандай-ақ көк тіреп,
Алға ұмтылды бір пысықай өптірек.
Қызғанып тұр басқалардың бақытын,
Біреулерді артық алып көтті деп.

Даурықпандар бәрің баққа бола тек,
Бұйырғанды жақсылыққа жора деп.
Разы болам, деді біреу сабырмен
Түймедей бақ тисе дағы "тоба" деп.

Өкінішпен өртенбеске өзегім,
Көзек ұзақ, бірақ күтіп, төземін.
Алақанды алдыма тос, деді қарт –
Менің дағы келіп қапты көзегім.

Қайғының алыс деме тауы саған,
Шаттықтан шерге кейде ауысады ән.
Өзгеге өз пікірін пәс қылмайтын,
Жүретін ауылда бір ауыс адам.

Сөйлесе, шығаратын "масқарасын",
Жалтарып, жолығудан жасқанасың.
"Одағың құлайды әлі, құриды ол,
Несіне, – дейтін еді, – мастанасың!"

Сөздері өткір, естен тандырады,
Кейбіреу есітпеуге қам қылады.
Көресің, – дейтін бірі сенімменен,
Серіктің келеді, деп, саңдырағы.

Аралап ауылды бір демін алмай,
Сөгетін замананы кегі бардай.
Ауылға ауыс адам қайдан келді,
Деуші едік, ата-анасы, тегі қандай?

Құратып көк шыбықты, гүлді үгіткен,
Боз заман айырмайды кімді үміттен?
Жаусың деп айдағанда әкесін, ол
Қалыпты, елде жалған "жындылықпен".

Тәңірге қабыл болған баталары,
Болыпты дуалы ауыз аталары.
Жақсы әке баласына жүз жыл азық,
Жүр жақсы ел ішінде атағы әлі.

Жанының болса дағы жарасы көп,
Басқаның беделімен таласы жоқ.
Көне көз қариялар аяушы еді
Тектінің тепкі көрген баласы деп.

Самалды леппен бұрып гүлге бетін,
Аяз боп кенет қарып түрленетін.
Ойнайды өмір адам тағдырымен,
Бінесе сыртын беріп, бірде бетін.

Бармын деп бүгін елге дабыл қаға,
Жүрсен де, жүрегің боп жалын дала.
Бұл өмір жұмбақ жұмыр басты бізге,
Шешуін білетін тек Тәңір ғана.

Адалдық пен әділдіктен кенде ғып,
Туралықтан тайғанақтар пенде ғып.
Адамдықтың алдын орап, алаңсыз,
Жан-жағымды жайлағандай пенделік.

Әз адамдық жүрсе дағы беріспей,
Пенделіктің желі басым теріскей.
Ақты "қара" десе басын изейді,
Өзі іштей тұрса дағы келіспей.

Бұл тарихта не талқыға көнбедік,
Адамдықпен, – дейді, – ұзап өнбедік.
Қорғай алмай дінін менен тілімді,
Ұрпақтарға ұмыттырған пенделік.

Әсия БЕРКЕНОВА

Елім үшін қона алмай ерге нық,
Талай қазақ тау асқанда сенделіп.
Жанын сақтап, арын сатып, қол қойып
Арыстардан айырған да пенделік.

Құрсауына қамап алып талайды,
Қиғаш қылық құрт аурудай тарайды.
Адамдыққа шақырғанда пенделік,
Дүрелеген дара дана Абайды.

Айтайын сабақ болар жыр ғып мұны,
Соқпақсыз өтіп жатқан сырғып күні.
Келгенін баршамызға бұлдайтындай,
Көремін кейде тойда бір "мықтыны".

Тұрғандай бар қасиет бірігіп тым,
Үлгісін көрсеткендей "іріліктің".
Маңайға маңғаздана көз салады,
Дегендей "мықтылықтың
сырын ұққың".

Жақынын арланады туыс дөуге,
Бүгінде доллар-дорба, уыс-теңге.
Көк тіреп көкірегі шіренеді,
Ел білер лай пейіл, қуыс кеуде.

Күні ғой бүгін мұның күшке мінген,
Түңілем түлен қылық істерінен.
Қалар-ақ маңғаздығы майдаланып,
Айырылып қалған күні үстелінен.

Бас иер биліктіге алдап, күліп,
Салғандай шекпендіге қармақ-құрық,
Иықтан шені түссе қалар әлі,
Таяғын пенделіктің балдақ қылып.

Білмеймін, қанша сырды
ақтардым мен,
Күндер мол көңілге гүл
шақтарды ілген
Өмірдің бір күні өтті оралмайтын,
Қызарып ұясына батқан күнмен.

Өткен күн бұрылып бір қарамайды,
Жанымды бұл заңдылық жаралайды.
Ақтарып әр парағын асықпай тек,
Құғыншы-қиял ғана аралайды.

Арайлы болмас атқан таңда сағым,
Шүкір тек өткен күнде болмаса мін.
Ертерек ертеңіме жету үшін,
Арманның жүгеніне жармасамын.

Ә. Беркенованың мерзімді басылымдардағы жырлары

Алтын той әні

Әні Бакытжан Сәуекенов
Сөзі Әсия Беркенова

Ансаған нұр сөулесін тағат қалмай,
Ажарың арайланып таң атқандай.
Ризамын Тәңіріме тоғыстырған,
Өзінді бір мен үшін жаратқандай.

Қайырмасы:

Ақтарам алтын тойда халқыма сыр,
Қалайша көңіл бүгін шалқымасын.
Өзіммен өткен әрбір күнім менің –
Өріегі өмірімнің жарты ғасыр.

Арқауы өзің болып ән-жырымның,
Жалт еткен жанарыңа сан бұрылдым.
Қолыңды ұсынғанда сенімменен,
Тізгінін ұстаппын мен тағдырымның.

Қайырмасы

Қос жанар айнасындай пәктігіңнің,
"Кіршіксіз, – дедің маған, – ақ гүліңмін".
Мен шықсам абыройдың асқарына,
Шыңында өзің түрдың шаттығымның.

Қайырмасы

Жүргендей саясында гүл бактардың,
Ашылып алтын тойда сырды ақтардың.
Өмірмен өнегелі жүрейікші,
Алдында үлгі тұтар ұрпақтардың.

Әсия

Шақырған соң – ел-халық,
Сүлей қызы Сүтірдің.
Қос өкпемді қолға алып,
Саған қарай жүгірдім.

Саумал сағым тербелді,
Сәні ғой ол даламның.
Қақ айырылып жол берді,
Қарағайы Аманның.

Алтын нұрдан жаралып,
Желбіреген бақ туы,
Отыр екен таранып,
Әулиекең аққуы.

Алау оттай көңіл-күй,
Алған беттен бір танбай.
Озу үшін сен ылғи
Жаратылған тұлпардай.

Тақасады зорға ұдай,
Тайталасың – Әсия,
Су төгілмес жорғадай,
Тайпаласың – Әсия.

Сәмбі талдай көрікті
Жайқаласың Әсия.
Елу жаста,
Еліктей
Байқаласың – Әсия.

Өлең-жырың жосылған,
Ашып жұрттың іңкәрін.
Қостанайдан қосылған
Қос қанатты сұңқарым.

Қайда думан, қайда өлең,
Өткізбедің бекер күн.
Озып келсең бәйгеден,
Қос қолымды көтердім.

Тізгініңді тең ұстап,
Жауап таптың табанда.
Айтыс өтсе орысша,
Озар едің одан да!

Бөліп өзен, тоғайды,
Көрген жоқсың ұсақтап...
Қостанай мен Торғайды
Қатар тұрсың құшақтап!

С. Тұрғынбекұлы

Ақынға арнаулар

Қазақтың ақын қызы Әсия Беркенова

Қарындас, құтты болсын туған күнің,
Жайқалып өсіп шыққан дара гүлсің.
Құдайым тіл мен жақты бірдей беріп,
Өнерді абыроймен алып жүрсің.
Қазақта қыздың жасын сұрамайды,
Әсия тал шыбықтай бұраңдайды.
Айтыстың атанды ол ақтаңгері,
Сондықтан қошеметтеп ел қолдайды.
Жан жарың Табылды ғой құдай қосқан,
Жүреді ол тау қозғалса қозғалмастан.
Білсеңдер ата-тегі кіші жүзден,
Қолына туысымен найза ұстаған.
Бұл күнде ұл ұяда, қыз қияда,
Әсия жетті-ау деймін арманына.
Айтыста арқаланып кетеді ол
Ақындар, шықпандаршы жел жағына.

Әсия алда әлі асулар бар.
Кезің келді сол асуды бағындырар.
Жастарға өнеріңді үйрете бер,
Әлі де талай жерде бағың жанар.
Тілеген тілегінді ағаң едім,
Үлкенді сыйлап өттің көрді көзім.
Шаршамай шалдықпай-ақ жүзге келші,
Осылай-ақ батамды мен де бердім.

Е. Нұрахметұлы

ҰСТАЗҒА ТАҒЗЫМ

(шәкірттерінің өлеңдері)

*Ақындыққа қадам
(Халық ақыны Әсия Беркеноваға)*

10 шақты жыл бұрын шамамен,
Ол кездері кішкентай баламын.
Сабырлықпен жасап әрбір қадамын,
Өткізуге бара жатқан сабағын.
Қызық көріп, зор мақтаныш сезіммен
Амандасып ақын қолын аламын.
Маңдайынан сипап жылы алақан
Тәтті ұсынса бір марқайып қаламын.
Болсам-дағы ол кездері бала тым
Тұла бойым мақтанышқа толатын.
Себебі мен амандасқан асыл жан
Беркенова Әсия апа болатын.

Ұстазға тағзым

Өлең-жырдың өлкесіне өрле деп,
Өз өнерге шәкірттерін шақырған.
Өзің берген нәр білімді зерделеп,
Жыр-сайыста жұтамадық ақылдан.
Үйреттіңіз, әліпбиін өлеңнің,
Буын-бунақ, құрылымын шумақтың.
Ұстазымның нәрін алған өренмін,
Аман жүрсем ақын жолын қумақпын.
Ақсұлудың жолын жалғап, жыр тұтқан,
Айтысының ғаусар дәмін татамыз.
Бәлкім сізді ұлы өнерге ұмтылтқан,
Домбыраға құштар еткен атаңыз.
Ұлық тұтып ұстаздықтың ұлы ісін,
Еңбегіңе басымды ию парызым.
Ақын-ана тарылмасын тынысың,
Айтыстағы артта қалар бар ізің.

З. Санай

Арнау

Сөз бастау үлкен думан шақта бір сын,
Қадірін оқушымның жат та білсін.
Айтыстың ақтаңгері Әсияға,
Сұлу сөз көмейімнен ақтарылсын.
Толқиды топқа сөйлер шақта кісі,
Азамат ел қызысың жаққан ісі.
Өнерде өнегемді жалғастырған,
Өзіңсің ұстазыңның мақтанышы.
Жігерің жастайыңнан жалындаған,
Зердеңе тең келер жан табылмаған.
Күй шертіп, тамылжытып ән саласың,
Өнердің қамалы жоқ алынбаған.
Тартады несібелі негізіне,
Мән бердің өмірдегі сен ізіңе.
Мешітбай бабаң болған сөз шебері,
Бет бұрдың сен де жырдың теңізіне.
Татқыздың дәмін көпке шырын жырдың,
Сән беріп сахнаны құбылдырдың.
Керенау керімдерді кеуде соққан,
Талмақты сөз пілермен сұрындірдің.

Қандай жан шабытыңа шақ келеді,
Шынайы еңбекпен тек бақ келеді.
Беделін Қостанайдың биіктеткен,
Айтыстың алдын бермес ақберені.

Өнерге еркін қанат жайдың әр күн,
Бетінен ысырғандай айдың бұлтын.
Бұлағын сұлу сөздің селдететін,
Өзіңсін аққуы да айдын-жырдың.
Өзегі өзгермелі заманды ұқтың,
Жеңістің тұғырына талай шықтың.
Қасқайып қара қылды қақ жаратын,
Ел көред биігінен адамдықтың.
Пәк таза пейілінді досқа жайдың,
Сайыста қарсыласты тосқан айбын.
Қазақтың мақтанышы болдың бүгін,
Тек қана жұлдызы емес Қостанайдың.

Шабандап сен шегініп жасқанбадың,
Өнермен өнегелі асқан бағың.
Алпыстан кейін де елге берерің мол,
Бақыттың баса берші баспалдағын.
С. Досмағамбетов

Шығармалары:

1. Ақын Жолбарыс қажы Баязид – 85! [Мәтін] : [өлең] / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – 2019. – 7 маусым. – Б. 8.
2. Әр нәрсенің жөні бар [Мәтін] : [қазақтың тойы] / Ә. Беркенова // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 24 тамыз. – Б. 3.
3. Әсия айтыпты [Мәтін] : [қалжын әңгіме] / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – ("Әдебиет және өнер" қосымшасы). – 2015. – 13 ақпан. – Б. 7.
4. "Білімді болу керек және ғылымға көз салу керек" : [Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне –75 жыл] / Ә. Беркенова, А. Шаяхмет; дайындаған Ботакөз Талғатқызы//Жас өркен – Қостанай. – 2014. – 3 наурыз. – Б. 7.
5. Гүл көктем тағы келер туған жерге... [Мәтін] : [жерлес ақын Әсияның өлеңдер топтамасы] / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – 2011. – 4 наурыз. – Б. 10.

6. Елуге есеп ; Әже аманаты ; Жыр-алғыс ; Келіндеріме [Мәтін] : өлеңдер / Әсия беркенова // Қостанай таңы. – 2000. – 25 сәуір. – Б. 3.
- 7.
8. Жампоз : [өлең] / Ә. Беркенова//Қостанай таңы. – 2016.– 9 қыркүйек. – Б. 13
9. Жампоз [Мәтін] : (Елубай Аманжоловқа) : [өлең] / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – 2017. – 17 ақпан. – Б. 8.
- 10."Жану үшін жұлдыз боп аспанымда" [Мәтін] : [өлең] : [Кәмшат Дөненбаеваға] / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – 2017. – 14 қараша. – Б. 5.
- 11.Жаңартаудай жүректегі жыр-әні [Мәтін] : [өлең : ақын Ж. Баязидің 80 жылдығына арналған] / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – 2014. – 16 мамыр. – Б. 4.
- 12.Жарысты қазақ қызыққа нағыз балаған [Мәтін] : Өлеңдер / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – 2004. – 30 сәуір. – Б. 6.
- 13.Желкенің желге тосып туралықтың ; Нағашы атам Жұмағалидың рухына ; Мүкәшқа ; Әзизжан туғанда [Мәтін] : Өлеңдер / Әсия Беркенова // Қостанай таңы. – 2005. – 22 сәуір. – Б. 7.
- 14."Жыр мен жаным үстінде бір кемеңің" [Мәтін] : [өлеңдер] / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – 2015. – 22 сәуір – Б. 7.
- 15.Кербез қыздай қылықты көктем келді [Мәтін] : [өлең : суреті бар] / Ә. Беркенова//Қостанай таңы. – 2013. – 8 наурыз. – Б. 6.
- 16.Көктем келді [Мәтін] : [өлең] / Ә. Беркенова//Қостанай таңы. – 2018. – 7 наурыз. – Б. 8.
- 17.Қостанай - жәннат мекен жер бетінде : [поэзия : суреті бар] / Ә. Беркенова//Қостанай таңы. - 2013. – 1 қараша. - Б. 7.
- 18.Отан үшін отқа түскен [Мәтін] : [өлеңдер] / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – ("Қостанай ақшамы" танымдық–тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2015. – 29 сәуір. – Б. 12.
- 19.Пейілім бар даладай тарылмаған [Мәтін] : [өлеңдер топтамасы] / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – 2012. – 20 сәуір. – Б. 16.
- 20.Сәбидей пәк боп қалсын Ар ; Дана далам, сен маған өкпелеме ; Айлы тұн ; Балалықты іздепін ; Қос кемпір [Мәтін] : [өлеңдер] / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – 2020. – 22 сәуір. – Б. 5.
- 21.Ұлағатты ұстазым Сағындық Досмағамбетов [Мәтін] : [өлең] / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – 2019. – 10 сәуір. – Б. 7.
- 22.Ұстазым менің... [Мәтін] : [Сағындық Қажмағамбетұлы Досмағамбетов туралы] / Ә. Беркенова // Қостанай таңы. – 2020. – 21 ақпан. – Б. 11.

Ақын туралы мерзімді басылымдардағы жариялымдар:

- 23.«Айтыс аққуы» : Әсия Беркенова – 70 жаста! / Ой-отауда сұхбаттасқан Қасқырбай Қойшыманов // Қостанай таңы. –2020. – 22 сәуір. – Б. 4–5.
- 24.Айтыс өнерінің аққуы [Мәтін] : [Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенованың шығармашылығы хақында] // Отбасы және денсаулық. – 2012. – № 11–12. – Б. 12–15.
- 25.Айтыстағы айшықты із [Мәтін] : [ақын Әсия Беркенова мен сұхбат] / әңгімелескен Оразалы Жақсанов // Ана тілі. – 2017. – 2–9 наурыз. – Б. 12.
- 26.Алтын той әні [Мәтін] : [өлең] / әні Бақытжан Сәуекеновтікі, сөзі Әсия Беркенова // Қостанай таңы. – 2018. – 20 шілде. – Б. 6.
- 27.Арынды ақынның айтулы кеші [Мәтін] : [айтыскер ақын Әсия Беркенованың кездесу кеші] / газ. ред. // Қостанай таңы. – 2015. – 17 сәуір. – Б. 23.
- 28.Әбдурахит, Дархан. Айдың жырдың қос аққуы Әселхан, Әсия [Мәтін] : [Әсия Беркенова мен Әселхан Қалыбекова туралы] / Дархан Әбдурахит, Г. Төлекбай // Қостанай таңы. – ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2015. – 12 маусым. – Б. 12–13.
- 29.Әбіш, Дәмир. "Қос айқай" [Мәтін] : [жаңа кітап] / Дәмир Әбіш // Қостанай таңы. – 2013. – 2 қазан. – Б. 9.
- 30.Әлкеев, Руслан "Қара сөзді қайнатып, жыр етемін" ... [Мәтін] : атты Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенованың шығармашылық кеші / Руслан Әлкеев // Қостанай таңы. – 2015. – 8 сәуір. – Б. 1, 4.
- 31.Әлкеев, Руслан. "Қара сөзді қайнатып, жыр етемін".. [Мәтін] : атты Қазақстан халық ақыны Әсия Беркенованың шығармашылық кеші / Руслан Әлкеев // Қостанай таңы. – 2015. – 8 сәуір. – Б. 1, 4.
- 32.Жақсанов, Оразалы. Айтыс өнерінің аққуы [Мәтін] : [Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова туралы] / Оразалы Жақсанов // Мәдениет. – 2012. – № 4. – Б. 56–59.
- 33.Жәрімбетова, Назира. Әсия мен Әселхан [Мәтін] : [қазақтың қос ақыны Әселхан Қалыбекова мен Әсия Беркенованың шығармашылық кештері туралы] / Назира Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. – 2015. – 28 шілде. – Б. 9
- 34.Жәрімбетова, Нәзира. Әселхан, Әсия, Қонысбай [Мәтін] : Халық ақындарына құрмет көрсетілді / Н. Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. – 2016. – 19 қазан. – Б. 6
- 35.Жәрімбетова, Нәзира. Бренд өнердің берені [Мәтін] : [айтыскер Әсия Беркенова туралы] / Назира Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. – 2012. – 4 мамыр. – Б. 6.
- 36.Жеңгелерім / әні[Мәтін] : Марғұлан Оспанов ; сөзі: Әсия Беркенова // Қостанай таңы. – 2018. – 7 наурыз. – Б. 8.

37. "Жыр мен жаным үстінде бір кемеңіз" [Мәтін] : [өлеңдер] // Қостанай таңы. – 2015. – 22 сәуір. – Б. 7.
38. Кенжеғұл, Жанболат. Ақын әспеттеген өңір [Мәтін] : [Астана қаласында Қостанай облысының өткізген түрлі іс– шаралар туралы] / Жанболат Кенжеғұл // Қостанай–Агро (Аймақ). – 2016. – 20 қазан. – Б. 4.
39. Қабылбек, Нағашыбай. Айтыс ақтаңгерлері [Мәтін] : [Астана қ. өткен Қостанай облысы күндері] / Нағашыбай Қабылбек // Қостанай таңы. – 2016. – 18 қазан. – Б. 1, 2.
40. Қабылбек, Нағашыбай. Айтыстың ақтаңгерлері дәріптелді [Мәтін] : [Астана қаласындағы ұлттық мұражайда елге кеңінен танымал үш бірдей халық ақындарына құрмет көрсетілді] / Нағашыбай Қабылбек // Қазақстан – ZAMAN. – 2016. – 27 қазан. – Б. 4.
41. Қайда екенсің?... [Мәтін] : [ән] / әні: Марғұлан Оспанов ; сөзі: Әсия Беркенова // Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2018. – 27 сәуір. – Б. 12.
42. Қонысбай Кенже, Облыстың Құрметті азаматтары анықталды / К. Қонысбай // Қостанай таңы. – 2017. – 9 тамыз. – Б. 2
43. Күміс тойдың күмбірі [Мәтін] : [өлең] / әні Бақытжан Сәуекеновтікі, сөзі Әсия Беркенова // Қостанай таңы. – 2018. – 20 шілде. – Б. 6.
44. Құлабаев, Нұрқанат. Әсия әлемі [Мәтін] : [ақын Әсия Әйіпқызы Беркенова туралы] / Нұрқанат Құлабаев // Қостанай таңы. – 2019. – 6 наурыз. – Б. 10–11.
45. Құлабаева Нұрқанат, Әсия Беркенова / Н. Құлабаева//Айгөлек. - 2015. - № 12. – Б. 6–7.
46. Құлабай, Нұрқанат. Әсия асуы [Мәтін] : [ақын-айтыскер Ә. Беркенова] / Нұрқанат Құлабай // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 23 сәуір. – Б. 14.
47. Мерейтойлық марапат тапсырылды [Мәтін] : [Қостанай облысының және Қостанай қаласының құрметті азаматы атағына ие болғандар] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2016. – 16 тамыз. – Б. 2.
48. Науырзым [Мәтін] : [ән] / әні: Қалибек Деріпсалдин, сөзі: Әсия Беркенова//Қостанай таңы. – ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2018. – 20 наурыз. – Б. 12.
49. Немереме [Мәтін] : [ән] / сөзі: Әсия Беркенованікі, әні: Бақытжан Сәуекеновтікі // Қостанай таңы. – 2015. – 22 мамыр. – Б. 7.
50. С. Ахметұлы – "Қостанай облысының Құрметті азаматы" атанды [Мәтін] : [бұрынғы әкім Сабыржан Ахметұлы] / [газ. ред.] // Аманкелді арайы. – 2017. – 4 тамыз. – Б. 1.
51. Сағитова, Гүлназым. Жасындай жарқылдаған... [Мәтін] : [Е. Өмірзақов атындағы филормонияда шығармашылық кеш өтті] / Гүлназым Сағитова // Қостанай таңы. – 2012. – 8 мамыр. – Б. 2.

52. Сүйінкина, Пиалаш. Ғажап ғұмыр [Мәтін] : [Тәшетқызы Меңсұлу апалары] / Пиалаш Сүйінкина // Қостанай таңы. – 2016. – 20 қыркүйек. – Б. 10.
53. Сүйінов, Есенгелді. Сөз құдіреті [Мәтін] : [Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенованың 50 жасқа толу мерейтойында ҚР-ның Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбайұлының құттықтауы оқылды] / Есенгелді Сүйінов // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 23 қыркүйек. – Б. 17.

Мазмұны

1. Қазақ айтысының ақиығы	2–3
2. Жыр – қанатың талмасын!.....	3–10
3. Ақынның шығармалары.....	11–20
4. Ақынға арнау жырлар.....	21–25
5. Шығармалары.....	25–29

*Кітапхананың мекен- жайы : 101200,
Қостанай облысы, Амангелді ауданы
Дүйсенбин көшесі, 38
Тел.8(71440)21-3-99,21-7-70
Aman.kitaphana@mail.ru*

*Құрастырушы: Р. О. Алмағанбетова
Компьютерлік терілім: Р. О. Алмағанбетова
Редактор: Бірмағанбетова Ж. Б.
Таралым 3*